

Жаңаарқа ауданы аумағында тұратын 1992 жылы туған азаматтарды 2009 жылғы әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы N 01 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 30 желтоқсанда N 8-12-48 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің 2009.12.30 N 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес және Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1992 жылы туған азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Жаңаарқа ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1992 жылы туған азаматтарды Жаңаарқа ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстары жылдың қаңтар-наурыз айы аралығында жүргізілсін.

2. Жаңаарқа ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығы С. Қ а с ы м о в қ а :

1) Аудандағы ұйымдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін сұратып алу;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс беру тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. Жандаулетовке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң 10 күннен кейін заң күшіне енеді.

Әкім **Х. Омаров**

Келісілді

"Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы **С.Қ. Қасымов**

